

Келісемін
Әдістемелік кеңес отырысында
ӘК төрайымы
Анапиянова М.М. *С.Н.А.*
2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 1 хаттама



Бекітемін
«Теренкөл ауданының аграрлық -
техникалық колледжі» КМҚҚ басшысы
Габидулин Р.М. *Р.М.Г.*
« 2019 ж.

ТОПТАМАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1.1 Колледже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министр министрлің 2007 жылғы 29 қарашадағы «Оқу-әдістемелік және ғылыми – әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» № 583 бүйрүғы негізінде циклдік әдістемелік комиссиясы ұйымдастырылады.

1.2 Топтамалық әдістемелік комиссиясы колледждің жалпы білім беру пәндерінің, арнағы пәндері оқытушыларының, өндірістік оқыту шеберлерінің бірлестігі болып табылады.

2. Мақсаттары мен міндеттері

Топтамалық әдістемелік комиссияның негізгі мақсаттары мен міндеттері:

оқытушыларды, өндірістік оқыту шебердерді дайындау деңгейін жүйелі түрде арттыру;

оқытушыларды, өндірістік оқыту шебердерді оку-тәрбие жұмысын өткізу үшін әдістемелік дайындығын жетілдіру;

оку және тәрбие жұмысының озық тәжірибелерін зерделеу мен насиҳаттау;

оқытушылардың өз біліктілігін жетілдіру бойынша белсенді өзіндік жұмысын дағдыларын дамыту болып табылады.

2. Топтамалық әдістемелік комиссиясының құрамы және калыптастыру рәсімі

3.1 Әдістемелік топтамалық комиссиялар арнағы және жалпы білім беретін пәндерінің үш оқытушылары, мамандықтар бойынша өндірістік оқыту шеберлері болған жағдайда құрылады.

3.2 Топтамалық әдістемелік комиссия жұмысына жалпы басшылық ету оку – өндірістік жұмысы басшының орынбасарымен жүзеге асырады.

4. Топтамалық әдістемелік комиссиясының төрағасы мен мүшелері

4.1 Топтамалық әдістеме комиссияның мүшелері комиссия отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді қатысу, педагогикалық бастамасы болу, колледже білім және тәрбие үдерістерін ұйымдастыру же жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, комиссия қабылдаған шешімдерін және төрағаның тапсырмаларын орындауға міндettі.

4.2 Топтамалық әдістемелік комиссиясының әрбір мүшесі оку-тәрбие жұмыстарын жақсарту бойынша комиссияның қарауына ұсыныстар енгізуге, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің - комиссия мүшелерінің сабактарына және басқа да оку сабактарға қатысуға құқығы бар.

4.3 Топтамалық әдістемелік комиссиясының жұмысына тікелей басшылық ету педагогикалық кеңес отырысында осы циклдік әдістемелік комиссиясымен біріктірілген, колледж басшысы бекіткен бірінші және жоғары санатты оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің қатарынан сайланатын комиссия төрағасы жүзеге асырады.

4.4 Топтамалық әдістемелік комиссиясының төрағасына:

- топтамалық әдістемелік комиссия жұмысын ұйымдастыру;
- топтамалық әдістемелік комиссия жұмыс жоспарын жасау;
- комиссия мүшелерінің жұмыстарын зерттеу, олар өткізетін сабактар сапасын бақылауды ұйымдастыру және оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерің өзара сабакқа қатысуын ұйымдастыру; сабакқа дайындауға басшылық жасау және ашық сабактарын талқылау (дәрістер, зертханалық және тәжірибелік сабактар және т. б.);
- топтамалық әдістемелік комиссиясы бұрын қабылданған шешімдерін орындалуын жүйелі тексеруді ұйымдастыру және комиссияның отырыстарында қорытындылары туралы хабарлау;
- есеп жүргізу және циклдық әдістемелік комиссияға жұмыстары туралы есеп беру.

5. Топтамалық әдістемелік комиссия жұмысын ұйымдастыру

5.1 Топтамалық әдістемелік комиссия отырысы айына кемінде бір реет өткізіледі.

5.2 Топтамалық әдістемелік комиссиясының жұмысы педагогикалық кеңесінің отырысында келісілген және әр жылға оку орнының басшысымен бекітілген жоспары бойынша жүргізіледі.

5.3 Топтамалық әдістемелік комиссия жұмыстың негізгі мазмұны:

- студенттерді оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды әзірлеу және өткізу; заманауи білім беру технологияларды игеру бойынша іс-шараларды әзірлеу және өткізу;
- теориялық және практикалық сабактар, зертханалық, бақылау және үй жұмыстарын, өндірістік практика, курстық жобалау жұмыстарын өткізу бойынша оку - әдістемелік құралдарды әзірлеу;
- топтамалық әдістемелік комиссия тырыстарында оқыту процесінде

тәрбиелеу мәселелерін талқылау;

- студенттердің тәжірибелік дайындығын жақсарту бойынша іс-шаралар өзірлеу және өткізу;
- үздік оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің жұмыс тәжірибесін зерделеу, жинақтау және тарату, жаңа бастаған оқытушыларға, өндірістік оқыту шеберлерге педагогикалық шеберлікті менгеруіне көмек көрсету;
- сабак жоспарларын өзірлеу, сабактарды жүргізудің белсенді және интерактивті әдістері мен формаларын қолдану, АКТ технологияларын оқу үрдісінде пайдалану;
- студенттердің білімін бақылау және талдау, бірынғай нормалар мен талаптарды, бағалау критериін өзірлеу; студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру сұраптарын талқылау;
- емтихан материалдарын, әкімшілік бақылау жұмысының материалдарын дайындау, қарау және талқылау;
- топтамалық әдістемелік комиссияның жұмыс жоспарларын, жұмыс бағдарламаларын, пән бойынша құнтізбелік-тақырыптық жоспарын, , сабактарды өткізу жоспарларын, кәсіби біліктілік деңгейін арттыру бойынша оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің жұмыс жеке әдістемелік жоспарларын, сондай-ақ тиісті оку кабинеттерінің, зертханалардың, оқу-өндірістік шеберханалардың, оку орындардың жұмыс жоспарлары мен мазмұнын қарау және талқылау, арттыру;
- жобалау-зерттеу жұмыстарын және студенттер техникалық шығармашылығын басшылық ету болып табылады.

5.4 Топтамалық әдістемелік комиссиясы осы өнеркәсіптің ерекшелігіне, жаңа техника, технология, озық тәжірибе және т.б. пайда болуына байланысты арнайы циклінің қолданыстағы бағдарламаларының мазмұны көлемі жөнінде және сабактас және өзара байланысты пәндердің жекелеген тақырыптарын оқып зерделеу бойынша ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

6. Құжаттар және есеп беру

6.1 Әр ТӘК колледж істері номенклатурасына сәйкес құжаттарды жаңартылған күйде ұстауға тиіс.

6.2 ТӘК төрағасының құжаттамасы:

жұмыс жоспары, отырыс хаттамалары, барлық қолданыстағы оқу-әдістемелік құжаттаманың бақылау даналары, жарты жылдық ішіндегі, жыл ішіндегі, комиссияның жұмысы туралы есептері, әдістемелік құралдар және ашық сабактар.